

"Туризм саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 194 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 8 ақпандағы № 39 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2016 жылғы 14 наурызда № 2978 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 87 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 14.05.2018 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Туризм саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 194 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2758 тіркелген, облыстық "Ақ жол" газетінде 2015 жылдың 22 қыркүйегінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 2)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген "Туристік, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1."Туристiк ақпаратты, оның iшiнде туристiк әлеует, туризм объектiлерi мен туристiк қызметтi жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беру" мемлекеттiк көрсетiлетiн қызметi (бұдан әрi – мемлекеттiк көрсетiлетiн қызмет) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрiнiң 2015 жылғы 28 сәуiрдегi № 495 бұйрығымен (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 11578 болып тiркелген) бекiтiлген "Туристiк ақпаратты, оның iшiнде туристiк әлеует, туризм объектiлерi мен туристiк қызметтi жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беру" мемлекеттiк көрсетiлетiн қызмет стандартына (бұдан әрi - стандарт) сәйкес "Жамбыл облысы әкiмдiгiнiң кәсiпкерлiк және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттiк мекемесiмен (бұдан әрi – көрсетiлетiн қызметтi берушi) көрсетiледi";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттiк қызметтi көрсету нәтижесi – туристiк ақпаратты, оның iшiнде туристiк әлеует, туризм объектiлерi мен туристiк қызметтi жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беру";

қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. "Жамбыл облысы әкiмдiгiнiң кәсiпкерлiк және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттiк мекемесi заңнамада белгiленген тәртiппен:

- 1) осы қаулының әдiлет органдарында мемлекеттiк тiркелуiн;
- 2) осы қаулының мемлекеттiк тiркеуден өткеннен кейiн он күнтiзбелiк күн iшiнде оны ресми жариялауға жiберудi;
- 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкiмдiгiнiң интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсiн.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкiмiнiң орынбасары Т. Жанкеге жүктелсiн.


4. Осы қаулы әдiлет органдарында мемлекеттiк тiркелген күннен бастап күшiне енедi және оның алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Облыс әкiмi

К. Көкрекбаев

Жамбыл облысы әкiмдiгiнiң
2016 жылғы "08" ақпандағы
№ 39 қаулысына қосымша
Туристiк ақпаратты, оның
iшiнде туристiк әлеует, туризм
объектiлерi мен туристiк

"Туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беру" мемлекеттік қызметті көрсетуінің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:



- мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- рәсім;



- хабарламалар легі.